

Дүйсенов Б.Д. *Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан**E-mail: bagdat75@inbox.ru*

МӘМЛҮК ҚЫПШАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ВОКАЛИЗМДЕР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНЕ ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл зерттеуіміздің негізгі мақсаты XIII-XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жазылған арабша-қыпшақша сөздіктердің лексикасындағы вокализмдердің графикалық берілуі, қолданысы мен өзге де ерекшеліктерін зерделеу және араб графикасындағы шығармаларды қазіргі латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге транскрипциялау мәселелерін талқылау. Зерттеудің жаңалығы мен идеясы латын графикасына негізделген қазіргі қазақ жазуының (диграф, ақут, апостраф, жаңа әліпби) жетістіктері мен кемшіліктерін талдау, арабжазулы қолжазбаларды қазіргі қазақ әліпбиіне транскрипциялаудың мәселелерін қазірден бастап зерделеп, шешімін тауып, үлгісін ұсынуға тырыстық. Ұлттық әліпбиімізді қабылдау алдында атқарылып жатқан қыруар жұмыстардың қатарында араб графикасындағы қолжазбаларды қазіргі қазақ жазуына транскрипциялау үшін «ад-Дурра әл-мудайя» сөздігінің материалдары негізінде арабжазулы мәтіндерді латын графикасында жазу міндеттерін іске асырдық. Мәмлүк қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың қолданысын, графикалық берілуін салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу, сипаттау, жүйелеу, топтау, пікірлерді қорыту әдістері арқылы ашып көрсеттік. Нәтижесінде қыпшақ тілін зерттеуші ғылыми ортада ескі қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деген тұжырым расталды. Ал қазіргі қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыс бары анық. Кейінгі ұсынылған латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінде ағылшын тіліне негізделген клавиатурадағы 28 таңбаны толық қолданбайды. Біз барлығын пайдалану жөн деп есептейміз. Сонда, қазіргі қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбысты таңбалауға латын әріптері өздігінен сәйкес келіп тұр. Соның ішінде, 6 дауысты дыбысты былай таңбаласа: **а – а, е – е, о – о, ұ – u, ы – y, і – i**. Ал **ә, ө**, дыбыстарына – **ä, – ö** «умляут» диакритикалық таңбаларын қолданып, **ү** дыбысын латынның **v** әрпімен таңбаласа еш сөгеттік байқалмайды. Себебі, латынның бұл **v** әрпінің өзі біз **ұ**-ны таңбалап отырған **u** әрпінен шыққан. Кейін келе бұлардың қосындысынан **w** әрпі пайда болған. Сондықтан да **ү**-нің орнына **v** әрпін еркін қолдана беруге болатын еді.

Түйін сөздер: мәмлүк, қыпшақ тілі, вокализм, графика, транскрипция, әліпби.

Кіріспе

Тілдің тамыры фонетикалық құбылыстардан бастау алатыны анық. Әр ұлттың сөзі қалыптасуы үшін сөздің негізін құрайтын белгілі дыбыстары болады. Тілдің сақталуының басты құралы – оның әліпбиі, дыбыстарының таңбалануы. Қазіргі түркі тілдері өзінің белгілі бір дәуіріне қарай өз әліпбиін ұстанған. Сол әліпбиімен жазылған тарихи-мәдени мәңгілік мұралар сақталып қалған. Көптеген мұралар ауызша тарих айту, фольклорлық шығармалар, ауызекі тіл арқылы сақталып, тірі табиғат ретінде ауызша үлгіде жетіліп дамығанымен, ол тілдің тарихи факті ретіндегі нақтылы бейнесі жазбаша мұралар арқылы айқындалатыны анық.

Мысыр мен Шамда (Египет пен Сирия) билік құрған мәмлүк қыпшақтары сарайдың ішінде ғана емес, биліктің қасындағы халық пен әскери, мәдени, әдеби әлемде де өздерінің ататілі түркі тілінде еркін қолданыс орнатып, тарихи-мәдени мол мұра жазып қалдырған.

Мәмлүктер билігіне қараған (XIII-XVI ғғ.) жергілікті арабтар әртүрлі себептерге байланысты түркі тілін меңгеруге мәжбүр болды. Себебі, сарайда биліктің тұтқасын ұстап отырған мәмлүк сұлтандары өз тілдерінде, яғни, қыпшақ-оғыз тілінде сөйлесті, қарамағындыларға да сол тілде сөйлесуді талап етті. Сондықтан да жергілікті арабтар мен мәмлүк сұлтандары арасында еркін қарым-қатынас орнауы үшін лексикографиялық, лингвистикалық еңбектер мен тілашар, сөздік, көркем аудармалар мен дастандар араб-қыпшақ тілдерінде жазылды. Соның негізінде түркі тілінің қыпшақ тобының ішінде мәмлүк қыпшақ тілі қалыптасты. Қыпшақ тілдерінің армян қыпшақ, куман қыпшақ, Алтын Орда қыпшақ тілдері сияқты мәмлүк қыпшақ тобының өзіндік орыны, өзіндік ерекшелігі анық байқалады. Бүгінгі біздің дәуірге жеткен мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған сөздіктердегі дауысты дыбыстардың қатарын зерттеу арқылы қыпшақ тілі тобына жататын қазіргі қазақ тіліндегі вокализмдерді түгендеп, олардың графикалық таңбалану тарихына тоқталамыз.

Еліміз тәуелсіздіктің туын тік көтеріп, кемел келешекке жол ашу мақсатында отарлық езгіден арылудың алғашқы жолдарының бірі өзінің тілін түзетіп, жазуын реттеп, әрбір әрпін анықтау мақсатында латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін қабылдауды қолға алып отыр. Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген талқыға түсіп, жаңа әліпбидің қажеттілігі замана талабы әрі әбден пісіп-жетілген қажеттілік екені айқындалып, қазіргі нақтылы жолменен өз әліпбиімізді таңдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Әліпбиде әрпімізді таңбалау үшін алдымен дыбыстарымызды анықтап алу басты міндет. Сондықтан да қазіргі қазақ тілінің қайнар көздерінің бірі болып табылатын ескіқыпшақ тілінің үлкен бір бөлігі мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінде ататіліміздің тұнық қалпы сақталғанын байқаймыз. Дауысты дыбыстарды айқындау барысында мәмлүк қыпшақ сөздіктерін негізгі материал ретінде ала отырып, қазіргі қазақ жазуына қатысты пікірлерімізді қосуды жөн көрдік. Жаңа әліпби қабылданған жағдайда біздің асыл мұраларымыз болып табылатын мәмлүк қыпшақ ескерткіштері (XIII–XVI ғғ.) ескерусіз қалмасын деген мақсатта осы жұмысты қолға алдық. Себебі, қазақ тілінің қайнаркөздерінің бірі болып табылатын арабжазулы жазба ескерткіштерімізді жаңа әліпбимен оқудың алғышарттары мен емлесін қалыптасытру өте өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу жұмысында XIII-XIV ғасырларда Мысыр (Египет) мен Шамда (Сирия) түзілген Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің бірі – «**Китаб-ад-дурра әл-мудайа фи-л-луғат-ат-туркия** ‘ала-т-тамам уа-л-камал» **كِتَابُ الذَّرَةِ الْمَضِيَّةِ فِي اللُّغَةِ "التَّرَكِيَّةِ عَلَى التَّمَامِ وَالْأَكْمَالِ** «Түрік тілінің жарқыраған інжу-маржаны, әрі толық жазылып біткен кітап» деген атпен түркологияға танымал арабша-қыпшақша сөздігінің қорындағы ескі қыпшақ сөздерін латын графикасына негізделген қазіргі қазақ жазуына танскрипциялау мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Біз бұл зерттеуімізде ескі қыпшақ тіліндегі дауысты дыбыстардың транскрипциясын беруді көздедік. Араб жазуындағы дауысты дыбыстардың графикалық берілу үлгілерін қарап отырып, қазіргі латын графикасына негізделген қазақ жазуының үлгісіндегі ескі қыпшақ сөздерінің жазылу формасын беруді қарастырып отырмыз.

Кеңес өкіметі келмеске кеткеннен кейін тәуелсіздігін алған түркі тілдес елдер ата тарихын танып, барлығына бірдей түсінікті болатын латын жазуындағы **Ортақ түркі әліпбиін** жасауды қолға алды. 1991 жылдың қараша айында Түркияның Стамбул қаласында түркі тілдеріне ортақ әліпби таңдап алу үшін халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Бұл әліпби тұтастай түрік әліпбиіне негізделіп жасалды. Бірақта түрік әліпбиінде жоқ **ä, ñ, q, w, x** әріптері қосылды. Нәтижесінде 29 әріп түрік тілінен алынған, 34 дыбыстан тұратын **Ортақ түркі әліпбиін** жасап шықты.

Бұл әліпбиді Әзірбайжан Республикасы бірінші болып 1991 жылы қабылдады. Кейіннен 1993 жылдың сәуірінде Түркіменстан, қыркүйегінде Өзбекстан қабылдады. Содан бері бұл елдер қабылдаған әліпбилер әртүрлі жағыдайларға байланысты толықтырылды әрі өзгертілді.

1999 жылдың қыркүйегінде енгізіліп, 2005 жылдың қаңтарында тоқтатылған татар латын жазуы бұл қабылданған Ортақ түркі әліпбиіне өзгертулер енгізді. 2003 ж. интернетке арналған татарлардың латын графикасына негізделген әліпбиі пайда болды. Ол әліпби ресми емес түрде «Иналиф» (Internet+älifba деген сөздердің қысқартылып алынған қосындысы) деген атау алған болатын. Иналифтің басты мақсаты ағылшын пернетақтасында бар әріптермен мәтіндерді стандарттау болатын. Бұл әліпбиде түркі тілдеріне тән спецификалық дыбыстар мен диакритикалық таңбалар жоқ. Мұнда түркі тілінің ерекше әріптері диграф арқылы берілсе, жіңішке дауысты дыбыстар өзімен жұптас жуан дауысты дыбыстардың қосары ретінде апострофпен белгіленген болатын: *Ä – A'; Ö – O'; Ü – U'; ı(ы) – i'; Ç – Ch; Ğ – Gh; Ñ – N'; Ş – Sh*. Бұның ең басты табысы – кез келген компьютерде қосымша шрифтерді орнатпай-ақ, стандартты пернетақтаны пайдалана отырып, латын әріптері мен символдары арқылы татар мәтіндерін тере беруге болады. Бірақта бұл жетілген жазу түрі деп айтуға келмейді. Біздің пікірімізше, ескі қыпшақ сөздерін транскрипциялауға 34 әріптен тұратын Түркияда қабылданған Ортақ түркі әліпбиіне негізделіп жазылған латын графикасы өте қолайлы болатын еді. Әйтпесе, апостроф пен диграф, ақут пайдаланылған әліпби түркі сөздерін жазуға қолайсыздық тудырады. Бірақта, Ортақ түркі әліпбиі, Иналиф әліпбиі, диграф, апостроф, ақут арқылы жазу әліпбилерінің барлығының басын құрап, жалпыға түсінікті, әрбіреуінің жетілген тұсын алып, жаңа әліпби жасаса нұр үстіне нұр.

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу, сипаттау, жүйелеу, топтау, пікірлерді қорыту әдістері мен аударма тәсілдері қолданылады. Мәмлүк қыпшақ тіліндегі вокализмдердің айқын көрінісін көрсету үшін жекелеген сөздерді латын графикасына негізделген әртүрлі әліпбилер үлгісіне салып кесте арқылы беруді жөн көрдік. Таңдалған сөзде дауысты дыбыстардың барлық түрі болуын басты қаперге ала отырып, мемлекетіміз қабылдауға ұсынған әліпбилерге мысал ретінде қолдандық.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Араб графикасында түзілген жәдігерлікте қыпшақ сөздерін жазудағы қиындықтар кездесері анық. «Өйткені қандай жетілген орфография болса да, сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алмайтыны белгілі» [1, 52 б.]. Араб графикасының түркі сөздерін жазудағы қиын тұстары жайлы А.М. Щербак былай деп жазады: «Насколько недостаточны графические средства арабского алфавита, для передачи тюркских звуков вообще, можно судить хотя бы по тому три знака для гласных, один знак для **к** и **г** не всегда передается различие между **ч** и **ј**, **п** и **б**» [2, 64 б.]. Осындай пікірді П.М. Мелиоранский де қолдайды: «Араб алфавиті түркі тілінің дыбыстарын көрсетуге жарамсыз. Бұл жағдай түркі тілінің біздің заманымызға жеткен ескерткіштерін лингвистикалық, әсіресе фонетикалық-этимологиялық тұрғыдан зерттеуге әр уақытта да үлкен бөгет болып келді және солай да бола береді» деген болатын [3, 29 б.]. «Ескі қыпшақ сөздері қандай әріппенен жазылған болса да, ондағы қолданылған таза фонемалық дыбыстарды талдап, таңдап ала беруге болады» дейді қыпшақтанушы ғалым С. Боранбаев [4, 19 б.]. Дегенмен де, араб әріптері дауысты дыбыстар таңбасына кедей болып келеді де, бір таңба контекске қарай әртүрлі дыбыстың орынына жүріп, олай да, бұлай да оқыла береді.

Жалпы ғылыми ортада ескі қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деп танылып жүр. Бұларды В.В. Радлов «*негізгі* («коренные») дыбыстар» десе, неміс ғалымы А.М. фон Габэн «*ең басты* («главные») дыбыстар» деп атайды [4, 19 б.]. Ал, Ә.Қ. Құрышжанұлының пікірінше, қыпшақ тілінде 8 *толық* дауысты дыбыс, 2 *жартылай* (й, у) дауысты дыбыс бар.

Толық дауысты дыбыстар айтылу ерекшелігі жағынан «созылыңқы дауысты дыбыстар» және «жалаң дауысты дыбыстар» болып екіге бөлінеді. Созылыңқы дауысты дыбыстар сөздің фонетикалық құрамына әсер еткенмен, оның лексикалық мағынасын өзгерте алмайды [5, 198 б.].

Мәмлүк қыпшақтары тілін арнайы зерттеп мақала жазған О. Притцак дауысты дыбыстарды былай деп көрсетеді: **а** мен **ä**, **о** мен **у**, **ө** мен **ү**, **ы** мен **і** [6, 78 б.]. Осы автор қыпшақ тілдес армяндардың тілінде де 8 дауысты дыбыс бар деп көрсетеді: **а**, **е**, **о**, **ө**, **у**, **ү**, **ы**, **і** [6, 82 б.]. Бұл пікірді академик К. Мұсаев та қолдайды: «На базе сравнительного анализа как средневековых кыпчакских памятников, так и современных тюркских языков можно реконструировать 8 гласных фонем в мамлюкско-кыпчакском языке» – деп жазады [7, 48 б.]. Н.А. Кононов VII-IX ғасырлардағы ежелгі түркі ескерткіштерінде жіңішке, ашық ә фонемасының болғандығын айтады [8, 60 б.].

Талқылау

Латын графикасы 26 таңбадан тұрғандықтан қазақ тіліне тән кейбір дыбыстар жетіспейді. Дәл солай араб графикасындағы 28 әріппен де ескі қыпшақ тілінің сөздерін таңбалау қиындықтар тудырғаны белгілі. Соның өзінде Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни еңбектеріндегі түркі сөздерін араб графикасымен таңбалап амалын тапқаны белгілі. Бүгінгі күні латын графикасына көшкенде де дәл сондай қиындықтар туындап отыр. Ахмет Байтұрсынұлының «төте жазуында» да төбесіне дәйекшелер қою арқылы жіңішке дыбыстарды таңбалау әдісі енгізілген еді. Басында қиындықтар туындағанмен оған да халық аз-кем үйренісіп, көптеген шығармалар сол жазумен дүниеге келді. Осындай пікірге қарап отырып, қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды диграф, апостроф немесе акут арқылы таңбалап, амалын табуға болады деген тұжырым жасауға да болады. Бірақта латын графикасына салған кезде дәйекшелерді өте көп қолданса, біріншіден, көзге қораш көрінеді, екіншіден, бір сөздің жазылуының өзі ұзыннан ұзақ болып кетеді. Оның үстіне қазақ тілі аглютанивті тілдер тобына жатқандықтан жалғамалы қосымшаларымен мүлдем басы мен аяғы көрінбейтін кейіпке енеді. Үшіншіден, сөздердің тасымалы кезінде дәйекшелі таңбаны келесі жаққа ауыстырған кезде сөздің мағыналық мәні түсініксіз болып қалады. Айта берсе кемшіліктері шаш етекпен. Ал қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауда апострофты пайдалану арқылы қазіргі компьютерге, смартфондарға бекітілген ағылшын тілінің бар дыбысын ешқандай өзгеріссіз қолдану жағынан өте қолайлы тұсы да бар. Бұл әліпби таңдаудағы ең басты қағида болу керек. Дегенмен тілді техникаға жығып берген жөн емес деп ойлаймыз.

Араб графикасымен жазылған ескі қыпшақ ескерткіштеріндегі сөздерді транслитерациялау мәселесіне келсек. *Транслитерация* дегеніміз – бір графиканың графемаларын басқа графикада дәлме дәл беру құралы, кері қайта жазу жолы. Араб графикасымен жазылған жағыдайда оның қиындығы тіпті арта түседі, себебі, араб мәтіндерінде дауысты дыбыстар толыққанды жазылмайды, жазбада тек қана созылыңқы дауысты дыбыстар ғана жазылады да, ал қысқа дауысты дыбыстарды оқырман өзінің біліміне сүйене келе, мәтіндегі контекске байланысты өзі қойып оқиды. Яғни, **قطر** сөзінің нақты транслитерациясы **qṭr** болып келеді, ал оны нақты дұрыс оқыса ол **qaṭar** болып келуі керек еді. Араб мәтіндерінде қысқа дауыстылар арнайы диакритикалар (харакаттар) арқылы жазылады, бірақта бұл арнайы мамандандырылған жазбаларда ғана болуы мүмкін, мәселен, сөздіктерде, шетелдіктерге арналған оқулықтарда ғана харакаттармен жазылуы мүмкін. Бірақта ескі қыпшақ ескерткіштеріндегі лексика қорын бүгінгі ұрпақ оқып білуі үшін біз көбіне көп араб графикасындағы дауысты дыбыстардың қалай оқылу керектігін мәтіндегі контекске қарай шамалап, дауыссыз дыбыстардың ортасына дауысты дыбыстарды ретіне қарай келтіріп, транслитерациясын жасаймыз.

Ал, *Транскрипция* дегеніміз – мәтін жазылған тілдің мақсатына қарай емес, оқылатын тілдің ыңғайына қарай таңбаланатын нақты ғылыми жазу түрі болып табылады. Мәселен, *عمر خیام* транскрипциясы (дауысты дыбыстарды белгілемеген жағыдайда транслитерациясы: ‘**mr hu**’ m, дауысты дыбыстарды белгілеген жағыдайда – ‘**umar haууā**m болып келеді) ағылшын тілі үлгісінде – *Omar Khaуuam*, неміс тіліндегі әліпбиімен жазса – *Omar Chajjam*, ал қазіргі ақут арқылы жазылатын қазақ әліпбиі әріптерімен – *Omar Hauam* болып жазылады. Бір жағынан транскрипция стандартты айтылымды бере алады (араб тілі үшін өзінше шартты жағыдай) немесе қазіргі күні араб тілінде өте қатты айырмашылыққа ие болып отырған аймақтық айтылымдарды береді (мысалы, Бағдат, Египет немесе Марокко тіліндегі айырмашылықтар).

Мәмлүк қыпшақ сөздіктерінде дауыссыз дыбыстардан тұратын сөз түбірінің үстіне және астына «харакат» белгілерінің қойылуы арқылы және «алиф», «иаи» әріптерінің көмегімен **а, е, (й), ы, і, о, ө, у, ү** сияқты дауысты дыбыстардың мағынасы берілген. Мұның ішінде ашық дауысты **а, е** – «фатха», қысаң дауысты дыбыстар **ы, і (й)** – «каса», ал ерін дауысты **о, ө, у, ү** дыбыстары «дамма» «харакаттарымен» белгіленген. Араб әліпбиіндегі үш әріп «алиф», «йаи», «һа» ескі қыпшақ тіліндегі **а, е, (й), ы, і** дауысты дыбыстарының графикалық белгілері ретінде қолданылған.

«Ад-Дурра әл-мудайа» жазба ескерткішіндегі дауысты дыбыстарды транскрипциялау мәселесіне келсек. Жазба ескерткіш туралы алғашқы болып зерттеу жұмысын жүргізген А. Зайончковский **а** және **е** дыбыстарын **а (а), ә (а')** таңбалары арқылы транскрипциялаған [9 48 б.]. Түркі ескерткіштерін транскрипциялауда ең негізгі ұстанған әріптер 1969 жылы жарық көрген «Древнетюркский словарь» (әрі қарай – ДТС) кітабындағы түркі сөздерін беру жолдары болу керек. Өртүрлі графикалық жүйелерде жазылған түркі сөздерін ДТС-те 56 әріптен тұратын әліпби бойынша берген болатын. ДТС-тің бұл әліпбиінде 26 латын, 4 грек, 27 диакритикалық белгілері бар латын әріптері және 2 диакритикалық таңба-әріп қолданылған. ДТС-тегі сөздер Орхон-Енесей таңбалары, араб графикасы және ұйғыр таңбаларымен жазылған ескерткіштерден жинақталған [10, 13 б.].

Көне түркі ескерткіштеріндегі дауысты дыбыстар түркітанушылар арасында халықаралық дәрежеде түсінікті болу үшін латын графикасына негізделген 9 әріппен таңбаланады. Олар: негізгі әріптер **а, е, і, о, u** және «умляут» диакритикалық таңбалары бар **ä, ï, ö, ü** әріптері.

Зерттеу нәтижелері

Ал енді «Китаб ад-Дурра...» жазба ескерткішіндегі кейбір сөздерді қазіргі қабылданған апострофты әліпби және соңғы қабылданған ақут арқылы жазылатын әліпби (2017 ж. және 2018 ж. жарияланған әліпбилер), қазіргі күні түркітануда қолданылып жүрген Ортақ түркі әліпбиіне, сондай-ақ А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты дайындаған (2019 ж., 2021 ж. жарияланған әліпбилер) жаңа қазақ әліпбиіне салып көрсек, қайсы қалай жетілгеніне көз жеткізуге болатын еді.

Араб графикасында берілуі	Ортақ түркі әліпбиінде берілуі (1991 ж.)	Латын графикасында негізіндегі Халықаралық фонетикалық транскрипция	Апострофты әліпбиде берілуі (2017 ж.)	Ақут және диграф арқылы жазу (2018 ж.)	Тіл білімі институты дайындаған әліпбиде берілуі (2019)	Тіл білімі институты дайындаған жаңа қазақ әліпбиінде	Мағынасы, қазіргі кирилл жазуында берілуі

		пциялық алфавит			ж.)	берілуі (2021 ж.)	
أَشْكَارَه	äškäre	äškäre	a's'ka're	áshkáre	äškäre	äškäre	әшкере
بُرَاغُوا	būzaǵu	būzaǵu	buzag'y'	buzag'ý	buzagw	būzaǵu	бұзау
دَمُورْچِي	demürçi	demürçi	demu'rc'i	demúrchi	demürçi	demürşi	темірші, темір ұстасы
مُنِي	muni	mūnī	muny	muny	muny	mūny	мұны, бұны
نُكْرُ	nöker	nöker	no'ker	nóker	nöker	nöker	нөкер
أَطْوَزْ أَوْشْ	otuz üş	otuz üş	oty'z u's'	otýz úsh	otwz üş	otuz üş	отыз үш

Кесте 1. «Китаб ад-Дурра...» жазба ескерткішіндегі кейбір сөздердің әртүрлі әліпбилердегі көрінісі

Осы кестедегі дауысты дыбыстардың таңбалануына қарап отырсақ, әдеттегідей, латын графикасында бұрыннан белгілі, бар дыбыстар **a, e, i, o** таңбаланулары көзге қонымды. Ал латын жазуында таңбалауға қиындық туғызатын дыбыстар **ә, ы, ө, ұ, ү** әріптері болып отыр ғой. Бірақта бұлар жалпы түркітануда қалыптасып қалған мына әріптермен таңбаланып жүр: **ә – ä, ā, a', á; ы – ĭ, ı, y; ө – ö, o', ó; ұ – u, ū; ү – ü, u', ú**. Сондықтан да мәселен, көз үйреніп, көңіл орнығып қалған **ü** әрпін **u'** түріндегі апостроф арқылы немесе **ú** түріндегі акут арқылы таңбалау бірден үйреніп кетуге қиындық туғызады. Халықаралық фонетикалық транскрипциялауды жасаған мамандардың өзі де апостроф пен акут арқылы таңбалауды көзге оғаш көргендіктен қабылдамаған болуы керек. Өйткені кейбір сөздерде тым көп кездесетін дәйекшелер жазуға ыңғайсыздық тудыратыны анық.

2018 ж. ұсынылған **акут** арқылы жазу да ыңғайсыздық тудырып, көпшіліктің көңілінен шықпады. Акут таңбалары көптеген тілдерде созылыңқы дауысты дыбыстарды белгілеу үшін қолданылатын таңба. Мәселен, орыс тілінде **зámok** пен **замóкты** ажырату үшін қолданылады. Ал бізде мұндай қажеттіліктің керегі жоқ. Сондықтан да латын графикасын қабылдас бұрын қазақ тілінде нақтылы қандай және неше дауысты дыбыс бар екендігін анықтап алған жөн. Ол үшін алдыменен қазақ тілінің арғы шығу тегі ескіқыпшақ тілдерін зерттеп, зерделеп, ескіқыпшақ тілінде неше дауысты дыбыс болды деген мәселеге келу қажет деп ойлаймын. Бұл мақалада біз ескі қыпшақ тіліндегі дауысты дыбыстарға баса назар аударып, зерттеу нысанына алдық. Жоғарыда атап өткеніміздей, қыпшақ тілін зерттеуші ғылыми ортада ескі қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар деген тұжырым бар. Бұл тұжырымды әлемге әйгілі ғалымдар В.В. Радлов, А.М.фон Габэн, О. Притцак және т.б. барлығы да қолдайды. Қазақстандық қыпшақтанудың майталман маманы Ә.Қ. Құрышжанұлы қыпшақ тілінде 8 **толық** дауысты дыбыс, 2 **жартылай** (**й, у**) дауысты дыбыс бар деді [11, 19 б.]. Соңғы 2 жартылай дыбыстарды дауыссыз дыбыстар қатарына қосып, қазіргі қазақ тілінің дауысты дыбыстарының жүйесін жасап шыққан жөн. Сонда қазіргі қазақ тілінде **9** дауысты дыбыс болады.

Бұдан бөлек, біз ағылшын тіліне негізделген клавиатурадағы 28 таңбаның барлығын пайдалануды көздегеніміз жөн. Сонда, қазіргі қазақ тіліндегі **9** дауысты дыбысты таңбалауға латын әріптері өздігінен сәйкес келіп тұр. Соның ішінде, **6** дауысты дыбысты былай таңбаласа: **a – a, e – e, o – o, ұ – u, ы – y, i – i**. Ал **ә, ө, ү** дыбыстарына басқаша амалдарын қарастыра келсек, осы жерде «умляут» диакритикалық таңбалары бар **ä, ö** әріптерін пайдалануға болады. Мәселен, **ә – ä, ө – ö** деп 2 дыбысқа «умляут» пайдаланса, алдындағыдай аса көп қиындықтар тудырмайтын еді. Ал **ү** дыбысын латынның **v** әрпімен таңбаласа еш сөгеттік байқалмайды. Себебі, латынның бұл **v** әрпінің өзі біз **ұ**-ны таңбалап отырған **u** әрпінен шыққан. Кейін келе бұлардың қосындысынан **w** әрпі пайда болған.

Сондықтан да ү-нің орнына в әрпін еркін қолдана беруге болатын еді. Біздің ұсынымыз, дауысты дыбыстарға «умляут», дауыссыз дыбыстарға диграф қоданса біраз мәселенің басы ашылатын еді.

Дауыссыз дыбыстардың арасында ж дыбысы мен ң дыбысын таңбалауға диграфты қолданса болатын еді. Мәселен, ж – **zh**; ң – **ng** түрінде берілсе, әлемдік әліпбиден еш айырмашылығы жоқ, барлығына түсінікті болар еді. Ал **ш** дыбысын түріктер қолданған секілді латынның с әрпімен таңбалаған абзал. Келешекте дауыссыз дыбыстардың жүйесі мен оларды латынға көшіру жөнінде жеке зерттеу жұмысы жазылады.

Қорытынды

Ескі қыпшақ ескерткіштерін зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін түзіп, артық дыбыстардан арылып, барымызды бүтіндеп, жоғымызды түгендеп, әлемдік әліпбидің жетілген жолдарын пайдалануға сүре жол салғанымыз жөн деп есептейміз.

Ескіқыпшақ тіліндегі вокализмдерді зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің келелі мәселелерін анықтауға, айқындауға болады. Әрбір ұлттың мемлекеттік рәміздері сияқты сол елдің тілі мен жазуы да мемлекеттіліктің бір атрибуттары болып табылады. Сондықтан ел боламыз десек, дыбысымызды түзеп, әріпімізді айқындау аса қажет.

Әдебиет:

1. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
2. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. Москва; Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1962. – 276 с.
3. Мелиоранский П.М. Араб – филолог о турецком языке / Араб. текст изд. и снабдил пер. и введ. П.М. Мелиоранский. Санкт-Петербург: типография Имп. Акад. наук, 1900. – 297 с.
4. Боранбаев С.Е. Эски кыпчак тили менен казак тилинин генетикалык катыштыгы: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Бишкек, 2008, 19 б.
5. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
6. Pritsak O. Das Kiptschakische. Philologiae Turcicae Fundamenta. Wiesbaden, 1959. – 74 p.
7. Мусаев К. Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология. – М.: Наука, 1964 г. – 344 с.
8. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических письменных памятников VII-IX в.в. Москва – Ленинград, 1980. – 286 с.
9. Zajaczkowski A. Chapitres choisis du Vocabulaire arabe-kiptchak “ad-Durrat al-mudī’a fī-l-luġat at-turkīa” (I). Rosnik Orientalistyczny, XXIX, z. 1. Warszawa, 1965, S. 40-83.
10. Древнетюркский словарь. Редакторы В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. Ленинград: «Наука», 1969. – 678 с.
11. Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б.Е., Дүйсен С. Ж. Ескі қыпшақ тілі. Алматы: «Қазақ Қыздар педагогтік институты баспасы», 2007. – 352 б.

References:

1. Abilqasymov B. Abilgazy hannying «Turki shezhiresi» zhane onyng tili [“Turkic Chronicle” of Abilgazy Khan and his language]. Almaty: Arys, 2001. – 246 b. (in Kaz).
2. Sherbak A.M. Grammatika starouzbekskogo yazyka [Grammar of the Old Uzbek language]. Moskva; Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1962. — 276 s. (in Russ)

3. Melioranskij P.M. Arab – filolog o tureckom yazyke [An Arab philologist about the Turkish language] / Arab. tekst izd. i snabdil per. i vved. P.M. Melioranskij. – Sankt-Peterburg: tip. Imp. Akad. nauk, 1900. – 297. (in Russ).

4. Boranbaev S.E. Eski kypchak tili menen kazak tilinin genetikalyk katyshtygy [The genetic relationship of the Old Kypchak language and the Kazakh language]: Filologiya gylymdarynyng doktory gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciyaning avtoreferaty. Bishkek, 2008, 19 b. (in Kirgiz).

5. Ajdarov F., Quryshzhanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkishterining tili [The language of ancient Turkic written monuments]. Almaty: Mektep, 1971. – 272 b. . (in Kaz).

6. Pritsak O. Das Kiptschakische. Philologiae Turcicae Fundamenta. Wiesbaden, 1959, 74 b. [in German].

7. Musaev K. Grammatika karaimskogo yazyka. Fonetika i morfologiya [Grammar of the Karaime language. Phonetics and morphology.]. – Moskva: Nauka, 1964 g. – 344 s. (in Russ).

8. Kononov A.N. Grammatika yazyka tyurkskih runicheskikh pismennykh pamyatnikov VII-IX v.v. [Grammar of the language of the Turkic Runic written monuments of the VII-IX centuries]. M.–L., 1980, S. 286. (in Russ).

9. Zajaczkowski A. Chapitres choisis du Vocabulaire arabe-kiptchak “ad-Durrat al-mudi’a fi l-lugat at-turkia” (I). Rosnik Orientalistyczny, XXIX, z. 1. Warszawa, 1965, S. 40-83. [in French].

10. Drevnetyurkskij slovar [Ancient Turkic Dictionary]. Redaktory V.M. Nadelyaev, D.M. Nasilov, E.R. Tenishev, A.M. Sherbak. L.: «Nauka», Leningradskoe otделение. 1969. – 678 s. (in Russ).

11. Quryshzhanuly Ә., Komekov B.E., Dujsen S.Zh. Eski qypshaq tili [Old Kipchak language.]. Almaty: «Qazaq Qyzdar pedagogtik instituty baspasy», 2007. – 352 b. (in Kaz).

Дюсенов Б.Д.

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Казахстан, Алматы

E-mail: bagdat75@inbox.ru

ВОКАЛИЗМЫ НА МАМЛЮКСКО-КЫПЧАКСКОМ ЯЗЫКЕ И ВОПРОСЫ ТРАНСКРИПЦИИ В СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ

Аннотация. Основной целью данного исследования является изучение графической передачи, использования и иных особенностей вокализмов в лексике арабско-кипчакских словарей, написанных в государстве мамлюков в XIII-XIV веках, и обсуждение вопросов транскрипции произведений в арабской графике на новый алфавит, основанный на современной латинской графике. Новизна и идея исследования заключались в анализе достижений и недостатков современной казахской письменности на основе латинской графики (диграф, акут, апостраф, новый алфавит), изучении и решении проблем транскрипции арабописьменных рукописей в современный казахский алфавит. В ходе реализации этих идей в числе проделанных перед принятием национального алфавита работ мы реализовали задачи написания арабописьменных текстов на латинской графике на основе материалов словаря «ад-Дурра ал-мудайя» для транскрипции арабописьменных рукописей на современную казахскую письменность. Мы раскрыли использование, графическую передачу гласных мамлюкско-кипчакского языка и современного казахского языка с помощью методов сравнительного изучения, описания, систематизации, группировки, обобщения мнений. В результате в научной среде исследователя кипчакского языка подтвердилось утверждение, что в старокыпчакском языке 8 гласных. А в современном казахском языке имеется 9 гласных. В последнем казахском алфавите, основанном на латинской графике, 28 букв английской клавиатуры используются не в полной мере. Мы

считаем целесообразным использовать все. Тогда, 9 гласных современного казахского языка сами по себе соответствуют маркировке латинской клавиатуры. Из них 6 гласных можно было бы записать следующим образом: *a – a, e – e, o – o, ұ – u, ы – y, і – i*. А к звукам *ә, ө*, можно использовать диакритические знаки «умляут» – *ä, – ö*, и казахскую *ү* без упрека можно записать латинской буквой *v*. Это потому, что латинская буква *v* произошел от буквы *u*, которую мы обозначаем как *ұ – u*. Позже от них образовалась буква *w*. Поэтому вместо *ү* можно свободно использовать букву *v*.

Ключевые слова: мамлюк, кыпчакский язык, вокализм, графика, транскрипция, алфавит.

Dyussenov B.D.

R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: bagdat75@inbox.ru

VOCALISMS IN THE MAMLUK KIPCHAK LANGUAGE AND PROBLEMS OF TRANSCRIPTION INTO THE MODERN KAZAKH ALPHABET

Abstract. The main purpose of this study is to study the graphic transmission, use and other features of vocalisms in the vocabulary of Arabic-Kipchak dictionaries written in the Mamluk state in the 13-14 centuries, and to discuss the issues of transcription of works in Arabic graphics into a new alphabet based on modern Latin graphics. The novelty and idea of the research consisted in analyzing the achievements and shortcomings of modern Kazakh writing based on Latin graphics (digraph, akut, apostroph, new alphabet), studying and solving the problems of transcription of Arabic manuscripts into the modern Kazakh alphabet. During the implementation of these ideas, among the works done before the adoption of the national alphabet, we realized the tasks of writing Arabic-written texts in Latin script based on the materials of the dictionary "ad-Durra al-Mudaiya" for transcription of Arabic-written manuscripts into modern Kazakh script. We have revealed the use, graphic transmission of vowels of the Mamluk-Kipchak language and the modern Kazakh language using methods of comparative study, description, systematization, grouping, generalization of opinions. As a result, the scientific community of the Kipchak language researcher confirmed the statement that there are 8 vowels in the Old Kipchak language. And in the modern Kazakh language there are 9 vowels. In the latest Kazakh alphabet based on Latin graphics, the 28 letters of the English keyboard are not fully used. We consider it advisable to use everything. Then, the 9 vowels of the modern Kazakh language themselves correspond to the marking of the Latin keyboard. Of these, 6 vowels could be written as follows: *a – a, e – e, o – o, u – u, y – y, i – i*. And for the sounds *ә, ө*, you can use the diacritical marks "umlaut" – *ä, – ö*, and the Kazakh *ү* can be written without reproach with the Latin letter *v*. This is because the Latin letter *v* originated from the letter *u*, which we designate as *ұ – u*. Later, the letter *w* was formed from them. Therefore, instead of *ү*, you can freely use the letter *v*.

Keywords: Mamluk, Kipchak language, vocalism, graphics, transcription, Alphabet.

Автор туралы мәлімет

Дүйсенов Бағдат Даниярұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторе:

Дюсенов Багдат Даниярович, старший научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about the author:

Dyusenov Bagdat Daniyarovich, Senior Researcher at the of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

*Келіп түсті 28 ақпан 2024 жыл
Қабылданды 25 мамыр 2024 жыл*